

АКУШЕРЛІК ЖӘНЕ ГИНЕКОЛОГИЯ САЛАСЫНДА ҚАЗАҚСТАН-БЕЛОРУСЬ АРАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУДЫ НЫҒАЙТУ

Ж.К. Наханова

*«Қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебі» Қазақстандық
медицина университеті, Алматы қ., Қазақстан*

«Қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебі» Қазақстандық медицина университеті (бұдан әрі - «ҚДСЖМ» ҚМУ) қоғамдық денсаулық сақтау мамандарын, менеджерлер мен клиникалық мамандарды даярлау және үздіксіз кәсіби дамыту, олардың біліктілігін арттыру, қоғамдық денсаулық сақтау және саланы дамыту саласында аналитикалық, сараптамалық зерттеулер жүргізуде көшбасшы болып табылады.

«ҚДСЖМ» ҚМУ миссиясы - сапалы білім, қолданбалы ғылым және тиімді кеңес беру арқылы қоғамның денсаулығын жақсарту болып табылады.

Негізгі бағыттары: білім беру, ғылыми-зерттеу, сарапшылық және кеңес беру.

«ҚДСЖМ» ҚМУ негізгі мақсаттарының бірі- шетелде серіктестік бағдарламалары бойынша әртүрлі мамандықтағы медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру болып табылады, медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға ерекше көңіл бөледі.

2021 жылдың 15-27 қарашасы аралығында Алматы қаласы мен Алматы облысының акушер-гинекологтары (12 дәрігер) Беларусь Республикасының Гродно қаласы «Гродно облыстық клиникалық перинаталдық орталығы» денсаулық сақтау мекемесінде (бұдан әрі – «ГОКПО» ДСМ) «Акушерлік және гинекология, Акушерлік және неонатологиядағы шұғыл көмек. Скринингтік зерттеулер» тақырыбынан 120 академиялық сағат көлемінде (оның 84 сағаты практикалық сабақ және 36 сағаты өздік жұмыс) халықаралық оқыту курсынан біліктілігін арттырудан өтті.

Шетелдік тәжірибе, екі апталық курс аясында дәрігерлеріміз акушерлік-гинекологиялық көмек көрсету бойынша теориялық білімдерін және практикалық дағдыларын жетілдірді. «ГОКПО» ДСМ-нің (Бас дәрігері В.Л. Зверко) бөлімшелері мен емханасының жұмысымен танысты.

Перинаталдық және аналық асқынуларды азайту мақсатында акушер-гинекологтар жүктілікті басқару, репродукциялық медицина, босанғаннан кейінгі емдеу және акушерлік-гинекологияның басқа да өзекті мәселелерін зерттеді. Инновациялық технологияларды қолдана отырып, біздің дәрігерлеріміз бірнеше мәрте ассистент ретінде жергілікті білікті дәрігерлермен және профессорлық-оқытушы құраммен операцияларға қатысты, ауыр жағдайдағы босануларды қабылдады.

Білімін жетілдірген акушер-гинекологтар біліктілігін арттыру курсын аяқтаған соң оқуды аяқтағаны туралы халықаралық Сертификат алды.

Іс-сапар барысында «Гродно мемлекеттік медициналық университеті» оқу орнының (бұдан әрі – «ГММУ» ОО) ректоры, профессор Е.Н. Кротковамен және осы аталған университеттің акушерлік және гинекология кафедрасының меңгерушісі, медицина ғылымдарының докторы, профессор Л.В. Гутиковамен кездесулер өткізіліп, «ҚДСЖМ» ҚМУ мен «ГОКПО» ДСМ (17 қараша 2021 жыл) және «ГММУ» ОО (25 қараша 2021 жыл) арасындағы өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды. Осы Меморандумның мәні серіктестік қатынастарды орнату және тараптар арасындағы ұзақ мерзімді, тиімді және өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту болып табылады. Меморандумның негізгі тақырыбы білім беру қызметі, денсаулық сақтау саласындағы ғылыми зерттеулер бойынша ынтымақтастықты дамыту болып табылады. Тараптар көзделген келесі бағыттар бойынша өзара ынтымақтастықты жүзеге асырады: ғылыми-тәжірибелік кеңестерге, симпозиумдарға, семинарлар мен форумдарға қатысу, озық тәжірибелермен және бағдарламалармен тәжірибе алмасу, ұсынымдар әзірлеуге жәрдемдесу, денсаулық сақтау саласындағы халықаралық стандарттарды енгізу, шеберлік-сыныптарын, тренингтерді, конференцияларды, семинарларды халықаралық қатысумен ұйымдастыру мен өткізу және т.б.

2022 жылдың 16-21 мамыр айының аралығында Беларусь Республикасы тарапынан профессор Л.В. Гутикова отандық дәрігер акушер-гинекологтарға «Акушерлік және гинекологиядағы анестезия және қарқынды терапия» тақырыбына семинар-тренинг өткізіп, дәріс беруге келді.

Сонымен қатар, 21-ші мамыр 2022 жылы «ҚДСЖМ» ҚМУ-де профессор Л.В. Гутикованың қатысуымен облыстардың денсаулық сақтау саласының Басшыларының акушерлік және балалар ісі жөніндегі орынбасарларымен, университет басшылары және магистранттар докторанттардың қатысуымен «Дөңгелек үстел» ұйымдастырылды.

Болашақта отандық дәрігерлерімізді тағы да біліктілігін арттыруға Беларусь Республикасына жіберуді жоспарлап отырмыз.

Осылайша, екі мемлекет арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту, нығайту көзделіп отыр.